

Қ.И.Садықов, А.Н.Иманбетов, Д.А.Құсайынов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: aman\_imanbetov@mail.ru)*

## **Сыныптан тыс спорттық шаралар өткізу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру**

Мақалада сыныптан тыс уақытта түрлі спорттық шаралар өткізу арқылы патриоттық тәрбие беру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар мектеп жасындағы балаларды патриотизмге тәрбиелеудің сұранысқа ие екендігі айтылып, спорттың тәрбиелік құндылықтарын мектептен тыс уақытта дұрыс ұйымдастырған жағдайдағы тиімділігі жайлы айтылды. Сондай-ақ мектептерде жүргізілген сауалнама нәтижелері беріліп, сарапталған.

*Кілт сөздер:* патриотизм, мектептен тыс спорттық шаралар, оқушылар, спорт, ойындар, тәрбие, көзқарас, дене шынықтыру, сабақ, жаттығу.

Қазіргі уақыттың талабы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді. Жеке тұлғаға бағытталған сабақ — оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдаяты. Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілеттері қалыптасуы тиіс. «Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті жалпы орта білімнің мемлекеттік стандартының негізгі ережелеріне» сүйене отырып, «Дене шынықтыру», «Бастапқы әскери дайындық» пәндерінің білім беру саласындағы негізгі мақсаты денсаулықты нығайту, білім, өмірлік маңызды қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне сәйкес жеке тұлғаны үйлесімді дамыту болып табылады [1].

Бұл мәселе төңірегінде көп айтылып жүр. Қазақстан Республикасының Президенті де жылдағы халыққа Жолдауында назардан тыс қалдырмай, мемлекет тарапынан қолдау көрсетуін талап етіп отыр [2].

Сыныптан тыс спорттық шаралар арқылы мектеп жасындағы балалардың патриоттық тәрбиесін жүзеге асыру сұранысқа ие болғанымен, сыныптан тыс жұмыстардағы іс-шаралардың мардымсыздығына байланысты бұл процесс мектептерде жеткіліксіз жүргізіліп отыр. Сыныптан тыс спорттық сабақтарындағы білім түрліше тәсілдермен оқушыларға жеткізіледі, олардың арасынан төмендегілерді айырып көрсетуге болады: құбылыстың мәні мен оның құрылымы туралы баяндау, оны дұрыс орындау туралы айта отырып, қозғалыс әрекеттерін көрсету, үйретудің техникалық құралдарының жәрдемімен берілетін оқу ақпарат хабарлары.

Үйрету барысында жаттығуды басқаша емес, тек осылай ғана орындау керек екендігін, жаттығуды орындауда кеткен қандай қателер қозғалыс қимылының сапасын төмендететіндігін оқушыларға жеткізу маңызды [3].

Кез келген жоспарсыз жасалған, жүргізілген жұмыстың қателіктері көп болады. Ал жүйелі түрде жоспарланып жүргізілген жұмыстың маңызы, мәні де, нәтижесі де жоғары. Сондықтан сыныптан тыс спорттық шаралардың ұйымдастырылуы талапқа сай жүзеге асуы тиіс.

Мектепте баланың сыныптан тыс жұмыспен айналысуында ұстаздың әсері мол. Сыныптан тыс спорттық жұмыстар баланың спортқа деген ынтасын арттыратын, баланы дұрыс та сауатты демалуға үйрететін, өз ойын жүйелі түрде дамытатын ең керекті әдіс [4]. Өзінің тәрбие жүйесінде спорттың әр түрін кеңінен қолдана білген В.К. Бальсевич спорттағы ұжымдық қарым-қатынастың маңызын көрнекті, нақты түрде ашып көрсетті және балаларды ұжымдық спорт арқылы тәрбиелеуге болатындығын әйгілеп берді [5].

Спорт оқушылардың бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Спорттың тәрбиелік құндылығы мектепте оны дұрыс ұйымдастырған жағдайда және оны өткізудің дұрыс әдістерін қолданғанда ғана тиімді болмақ. Әлеуметтік өнегелігі қоғамдағы жаңа қоғамдық қатынастармен анықталады, тәрбиелеу мақсатын көздейді. Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеудің барлық түрі, оның ішінде патриоттық сезімді

тәрбиелеу оқушылардың шама-шарқына, мүмкіндіктеріне қарай олардың қазіргі қоғамды тікелей атсалысуы болып табылады.

«Сіздің ойыңызша, спорттық шаралар арқылы патриотизмге тәрбиелеуге бола ма?»;

«Сіздің ойыңызша, сыныптан тыс спорттық шаралар патриотизмге тәрбиелей ме?».

Бұл сұрақнама оқушылар арасында аса қызығушылық ие болды, барлығы қатысты. Сұрақнама мектептің 11-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Оның себебі 11-сынып оқушылары 17–18 жас аралығындағы жастар, көзқарасы қалаптасқан, пікірін ашық айта алады.

Оқушылардың 94 % бірінші сұрақ бойынша «елін, жерін сүю» деп жауап берсе; екінші сұраққа 97 % «отанға адал қызмет ету», «өз елі үшін қызмет жасау» сынды жауаптар берді. Әрине, бұл қуантарлық жайт.

Оқушыларда сыныптан тыс спорттық шаралар өткізу арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру барысындағы тәжірибелер мен тағлымдардан тұратын бай қазына, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері, тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі екендігі дәлелденді.

Осы айтылғанның бәрін ескере келіп, Қарағанды қаласындағы № 27 орта мектебіндегі сауалнама жүргіздік.

Ізденіс барысында спорттық шаралар арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруде келесідей өлшемдер анықталды:

1. Ұлттық ойындарға деген дұрыс қарым-қатынас.

2. Спорттық білім аясының болуы.

3. Сыныптан тыс уақыттарда спорттық ойындардың өткізілуін бағалау және пайдалану.

Осы өлшемдер негізінде келесідей көрсеткіштер алынды:

– спорттық ойындар арқылы дұрыс қарым-қатынас көрсеткіштері;

– спорттық ойындар мен әскери спорттық ойындардың қажеттілігін түсінуге ұмтылу;

– спорттық ойындарды сезімталдықпен қабылдау;

– Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихына қажеттілік пен қызығушылық.

Спорттық және ұлттық спорттық ойындардың мұрасы негізінде білім аясының көрсеткіштері болуы қажет.

Әзірленген үлгі негізінде деңгейлер ауқымы айқындалды: жоғары, орташа, төмен.

Жоғары деңгей — оқушылар сыныптан тыс уақыттағы спорттық ойындардың маңыздылығын терең түсінеді, оларға тұрақты қызығушылық бар, патриоттық тәрбие ісінде оның маңызын толық сезінеді, патриоттық және саяси сипаттағы мазмұнды еркін талдайды, ер қорғаудағы оның маңызын түсінеді.

Орташа деңгей — оқушылар сыныптан тыс уақыттағы спорттық ойындардың маңыздылығын жеткілікті түсінбейді, оларға тұрақты қызығушылық жоқ, патриоттық тәрбие ісінде оның маңызын толық сезінбейді, патриоттық және саяси сипаттағы мазмұнды үлкен қиындықпен талдайды, спорттық ойындардың маңызын жете білмейді.

Төмен деңгей — оқушылар сыныптан тыс уақыттағы спорттық ойындардың маңыздылығын дұрыс түсінбейді, оларға қызығушылық тудырмайды және қабылдамайды, патриоттық тәрбие ісінде оның маңызын мүлдем сезінбейді, патриоттық және саяси сипаттағы мазмұнды талдай алмайды.

Сонымен, біздің зерттеу жұмысымызда сыныптан тыс уақыттарда спорттық шаралар арқылы оқушылардың патриоттық көзқарастарымен білімінің, білігі мен іскерлігі және қызығушылығы жеткіліксіз деңгейде екендігі анықталды. Бұдан шығатын қорытынды оқушыларға сыныптан тыс уақыттарда патриоттық тәрбие деңгейінің өсуіне мүмкіндік беретін арнайы курстық жұмыстарды ұйымдастыру қажет етеді. Мектептерде сыныптан тыс уақыттарда спорттық шаралар арқылы педагогикалық-тәжірибелік эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде орта мектептің оқу-тәрбие процесінде 6 сағатқа есептелген «Спорттық іс-шаралар арқылы патриоттық тәрбие қалыптастыру» атты арнайы курс енгізілді. Ондағы мақсаты — сыныптан тыс уақыттарда оқушыларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру.

Оқушылар сауалнама сұрақтары бойынша нақты жауап бере алмады, ал олардың патриоттық тәрбиелік мәндерін ашуда өзіндік пайымдаулары төмен.

Эксперименттің екінші кезеңінде бастапқы әскери дайындық сабақтарында әскери педагогикасы негізінде саяси көзқарастарын қалыптастырып, патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Бірінші кезеңінде әскери педагогикасы негізінде сабақтар жүйесі жүргізілді. Яғни, саяси жағдайлар мен әр түрлі кезеңдер талдай отырып, оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу шаралар жүйесі ұйымдастырылды. Екінші кезеңде әскери педагогикаға енгізілген тәрбиелік шаралар жүйесі

жүргізілді. Соның нәтижесінде эксперименттің бақылау кезеңінде сынып оқушыларынан сауалнама алу арқылы олардың саяси көзқарастарымен патриоттық тәрбие деңгейінің екінші кескіні алынды. Ол нәтижелер көрініс эксперимент тобы мен бақылау тобындағы оқушылардың саяси көзқарастары мен патриоттық тәрбие деңгейлерінде пайыздық қатынас тұрғысынан сапалық өзгерістер бар екенін көрсетті.

Зерттеу жұмысымызда мектептегі сыныптан тыс уақыттарда берілетін патриоттық тәрбиенің бірлігін, тұтастығын, сабақтастығын қамтып, әскери тәрбиенің нәтижелі жүзеге асырылуына тірек болды.

Қарағанды қаласының № 27 қазақ орта мектебінің жүргізілген сауалнамалар, сұхбаттасу, бақылау шаралары арқылы сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі білім деңгейі мен сезімдері анықталып, сарапталды. Мақсат — алғашқы сыныптан тыс уақыттарды спорттық шараларды ұйымдастыруда оқушыларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру. Яғни сыныптан тыс сабақтарда әскери және спорттық шараларды ұйымдастыру ұғымын қалай түсінеді, оған көзқарастары қандай, сыныптан тыс уақыттарда патриоттық тәрбиені қалыптастырудың қандай жолдарын біледі, әскери мұрадағы тәрбие тәжірибенің әсері бар ма, тағы басқа мәселелер төңірегіндегі ой-пікірлерін, ұғым-түсініктерін зерделеу.

Осындай бірізді реттілікпен айқындалған патриоттық тәрбие деңгейлері, әскери жетекшінің сабақты ұйымдастырудағы әскери көзқарасты жүзеге асыруда жүйелі ықпалда әрекет жасауға мүмкіндік туғызады.

Сауалнама жауаптарын сараптау, бізге спорттық іс-шаралардың мәні, жалпы әскери және спорттық ойындар туралы көзқарас туралы субъективті көзқарастары мен білімдері туралы хабардар етті.

Оқушылардың әскери ойындар және спорттық ойындар туралы білім деңгейлері қанағаттандырылғы болғанымен, сыныптан тыс уақыттарда әскери-патриоттық шараларды ұйымдастыруда білімдерінің деңгейлерінің төмендігі байқалды.

Анықталған жағдайды негізге ала отырып, біз оқушылардың әскери-спорттық ойындарға көзқарасын, білімін тереңдету мақсатында, қалыптасушы тәжірибе алдында біз эксперименталды және бақылау топтарының оқушыларының алдында оқушыларда патриоттық тәрбие қалыптасу деңгейлері бойынша жүргіздік.

Сыныптан тыс сабақтарын өткізу мен ұйымдастыру сабақтарында қалыптасқан патриоттық тәрбие деңгейін анықтадық. Сыныптан тыс сабақтарын өткізуімен ұйымдастыруда патриоттық тәрбие қалыптастыруды анықтау, бақылау және қалыптастыру экспериментін жүргізу кезіндегі күйі алғашқы әскери дайындық сабақтарын теориялық, іс-тәжірибелік даярлығы бойынша білімі бойынша білімі, білігі мен іскерлігі, ал әскери пәнге қызығушылығы жоғары, орташа, төмен көрсеткіштерінің нәтижесіне тоқталатын болсақ, сауалнама нәтижесін салыстырғанда спорттық көзқарасы жоғары қызығушылығы 59,2 % өсті, орташа 1,8 % артты, төмен 40,5 % кеміді.

Білім жоғары 51,3 % өсті, орташа 11,4 % артты, төмен деңгейі 56,4 % кеміді. Білік, іскерлік жоғары 43,8 %, орташа — 20,2, төмен 56,6 % кеміді.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық жұмыстарында әскери көзқарастарды қалыптастыруда қажетті іскерліктер және дағдыларды игереді, әскери көзқарастарының дамып жетілуіне көмегін тигізді.

Бұл біздің зерттеу жұмысы мақсатына сай әзірлеп, өткізген сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстардың тиімділігін растайды.

Сонымен, қорыта келе, сыныптан тыс спорттық шараларды ұйымдастыруда білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне мектеп оқушысын белгілі бір қажетті біліктіліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін және жас ерекшелігіне байланысты өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін бала деп қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім-тәрбие мазмұнын анықтап, құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта оқыту идеясы арқау болды.

Сыныптан тыс жұмысқа сабақтан бос кезінде жүргізілетін спорттық жарыстар, үйірмелер жатады. Қазіргі кезде оқушылардың белсенді дене-қимылын жүзеге асыруда, жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар едәуір орын алады. Сыныптан тыс жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бірінші ерекшелігі, сабақтарға қарағанда, сыныптан тыс жұмыс ерікті негізде өткізіледі. Қазіргі жағдайдағы сыныптан тыс жұмыстың мәні — ондағы қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің сыбағалы салмағының артқандығында. Қазір ол қоғамға пайдасы мол бағытқа ие болып келеді.

Дені сау ұлт қалыптастырамыз десек, жаңа стадиондар мен спорт кешендерін, балаларға арналған және басқа спорт алаңдарын салу мен ескілерін жаңарту арқылы барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына, өздерінің бойларын сергек ұстауына, сөйтіп, өмір жастарын ұзартуына жағдай жасауы қажет. Сонда ғана елін сүйетін патриот тәрбиелей аламыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 2009–2010 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. — Алматы: Жалын, 2009. — 8–10-б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. — Астана: Елорда, 2008. — 24–25-б.
- 3 Мұхамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. — Астана: Фолиант, 2007.
- 4 Есмағамбетов З. Дене тәрбиесін өткізу және басқару. — Қарағанды: Арко, 2004. — 154–156-б.
- 5 Бальсевич В.К. Физическое воспитание ребенка в семье // Физическая культура: восп., образов., тренир. — 1997. — № 3. — С. 17–19.

К.И.Садықов, А.Н.Иманбетов, Д.А.Құсайынов

### **Патриотическое воспитание учащихся посредством внеклассных спортивных мероприятий**

В статье рассмотрены проблемы патриотического воспитания во внеурочное время посредством организации различных спортивных мероприятий. Доказана эффективность проведения спортивных мероприятий во внеурочное время путем привития учащимся патриотических чувств и любви к Родине. Вместе с тем приведены результаты анкетирования среди учащихся, которые подтверждают эффективность проведения спортивных мероприятий как средства патриотического воспитания.

K.I.Sadykov, A.N.Imanbetov, D.A.Kusainov

### **The patriotic up-bringing of the pupils by means of out-of-school sport events**

The problems of the patriotic up-bringing in the out-of-school time with the help of different sport events are considered in this article. The efficacy of out-of-school sport events are proved by instilling the patriotic senses and loving the country to the pupils. However the results of surveys among students are aduced and confirm the efficacy of organization of sport events as the methods of patriotic education.

#### References

- 1 *Methodical letter of recommendation about peculiarities of studying scientific bases in the institutions of general education of the Republic of Kazakhstan on 2009–2010 sc.*, Almaty: Zhalyn, 2009, p. 8–10.
- 2 *Improvement of standard of living of Kazakhstan citizens — is the main aim of state policy.* The message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev, Astana: Elorda, 2008, p. 24–25.
- 3 Muhametganova U.Zh. *Method of teaching the subject Physical culture*, Manual, Astana: Foliant, 2007.
- 4 Yesmaganbetov Z. *Conducting and management of Physical culture*, Karagandy: Arko, 2004, p. 154–156.
- 5 Balsevich V.K. *Physical culture: up-bring., educ., train.*, 1997, 3, p. 17–19.